- Балалар практикасында сүйиқ дәрілік түрлерді дайындауда қолданылатын қандай корригенттерді білесіз?
- Балалар таблеткасы. Таблеткаларды қабықшамен қаптау. Шоколадты қабықша.
- Балалар және гериатрия тәжірибесінде қандай дәрілік түрлер қолданылады?
- Қарт организмдегі дәрілік заттар әсерінің ерекшеліктері қандай?
- Гериатриялық практикада қолданылатын қандай дәрілік түрлер топтарын білесіз?
- Гериатриялық дәрілік түрлердің жаңа биофармацевтік аспектілері.
- Қандай физиологиялық факторлар науқастардың жасына байланысты дәрілік түрлердің терапевтикалық эффективтілігіне әсер етеді?

Тестік тапсырмалар:

- Шоколадты қабықшада какао ұнтағы ... ретінде қолданылады.

A) корригент

B) әсер етуші зат

ОНДІСТИК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/- (2022-2023) 40 беттің 22 беті
---	---

C) толықтырғыш

D) бояғыш зат

E) тайғыш зат

2. Балалар суппозиториіне рецепт жазған кезде дәрігер көрсетуі тиіс:

A) массасын

B) негізін

C) диаметрін

D) ұзындығын

E) түсін

3. Сұйық дәрілік түрлерді корригент қосып дайындау барысындағы дәмі:

A) шырындар

B) ЖМК

C) крахмал

D) глицерин

E) эссеция

4. Гериатриялық практикада жиі қолданылатын дәрілік түрлер:

A) линименттер, жағар майлар

B) жағар майлар, микстуралар

C) микстуралар, таблеткалар

D) таблеткалар, шаншуға арналған

E) шаншуға арналған, аэрозольдар

5. Гериатриялық практикада дәрілік заттар дозасының темен болуы ... байланысты.

A) организмдегі физиологиялық өзгерістерге

B) сыртқы түрдің өзгеруіне

C) дәрілік терапияға қатынастың өзгеруіне

D) препараттардың аналогтарының пайда болуына

E) дәрілік терапияға үрейдің пайда болуына

6. Геропротекторлардың бірінші тобына жататын препараттар:

A) алмасу үрдісін калпына келтіруші

B) тыныштандырығыш

C) антибактериальды

D) вирусқа қарсы

E) анальгетиктер

OÝTIÝSTIK-QAZAOSTAN  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/- (2022-2023) 40 беттің 23 беті
---	---

- Тақырыбы:** Өсімдік текті шикізаттардан алынатын ББҚ өндірісінің технологиялық негіздері.
- Мақсаты:** Өсімдік текті шикізаттардан алынатын ББҚ өндірісінің дайындау әдістері және тәсілдері бойынша тәжірибелік дағды және теориялық білімін үйрену.

3. Оқыту мақсаттары

білім алушы білуі тиіс:

- өсімдік текті шикізаттың негізгі ингредиенттерін және қасиеттерін
- ББҚ биологиялық белсенді қасиеттерінің механизмдерін формалау
- табиғи шикізаттан биологиялық белсенді заттарды сығындылау, концентрлеу және консервирлеудің негізгі тәсілдерін
- екіншілік өсімдік шикізатты функционалды өнімге өндедің технологиялық қабылдауларын
- қазіргі заманғы биоқоспалардың негізгі түрлері және жаңа ББҚ жасаудың перспективалары

білім алушы істей білуі тиіс:

- өсімдік текті шикізаттан олардың түрін және қасиеттерін ескере отырып ббқ алу тәсілдерін және рационалды қабылдауларын негіздеуді
- күжаттар талабына сәйкес функционалды қасиеті бар өнім аруды
- дайын ББҚ сапасын бағалауды

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. ББҚ негізгі анықтамалары және қойылатын талаптар.
2. ББҚ негізгі принциптері және алу әдістері.
3. Өсімдік текті шикізаттан биологиялық белсенді заттарды сығындылаудың негізгі тәсілдері.
4. Қазіргі заманғы ББҚ ассортиментін кеңейтудің бағыттары.
5. ББҚ заңдастыру жолдары.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма №1. Аңы жусан өсімдік шикізатынантаблеткаларды пресстеу(брикеттеу).

Бір таблеткаға арналған құрамы: аңы жусан ұнтағы 0,5 және қосымша заттар қажетті мөлшерде.

- A) Ұнтақ тәріздес заттардың келесі физика-химиялық және технологиялық қасиеттерін анықтаңыз:
- жеке препараттар мен қемекші заттар бөлшектерінің формасын және бөлшектерінің мөлшерін (микроскоппен)анықтау;
 - ұнтақтардың фракциялық құрамын анықтау;
 - ұнтақтардың көлемдік тығыздығын анықтау;
 - ұнтақтардың сусымалдылығын анықтау.
- B) Құрамында аңы жусан бар 0,5 гнан 20 таблетка дайындау үшін қажет дәрілік зат пен қемекші заттардың мөлшерін есептеңіз.

Тапсырма №2. Аңы жусантұндырмасын (1:5) 70% спиртте дайындау.

- A) 10-15 г. өсімдік шикізатынан тұндырмана регламент құрастыру.
- B) Алынған тұндырманы фильтрлеу арқылы немесе центрифугалау арқылы тазарту.
- B) Тұндырмаларды келесі көрсеткіштер бойынша стандарттау:
- сыртқы түрі мен органолептикалық қасиеттерін сипаттау;
 - тұндырмадағы этанолдың мөлшерін қайнау температурасы бойынша анықтау;
- G) Өндөлген шикізаттан спирт-рекуператты әртүрлі әдістермен алу:

ОНДІСТИК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/- (2022-2023) 40 беттің 24 беті
---	---

- шротты 3-5 есе дистилденген сумен жуу;
- қатаң бүмен айдау және оны талдау, яғни қайнау температурасы бойынша рекуператтағы этанолдың мөлшерін анықтау.

Тұндырманы және спирт-рекуператты жеке-жеке безендіріп, оқытуышыға тапсыру. Материалдың баланс құрастырып, технико-экономикалық көрсеткіштерді өндөлген өсімдік шикізатынан алынған спирт-рекуператты есепке ала отырып шығару.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Бағалау әдістері/технологиялары: Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Эдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. ББҚ жасаудың және қолданудың тарихы. Жалпы сипаттамасы. ББҚ адам денсаулығына әсері.
2. ББҚ негізгі анықтамалары және қойылатын талаптар.
3. Белгіленуі, эффективтілігі және қауіпсіздігі бойынша ББҚ жалпы жіктелуі.
4. ББҚ негізгі принциптері және алыну әдістері.
5. Өсімдік текті шикізаттардан биологиялық белсенді қоспаларды сығындылаудың негізгі тәсілдері.
6. Қазіргі заманғы ББҚ ассортиментін кеңейтудің негізгі бағыттары.
7. ББҚ заңдастыру қатынастары.

Тестік тапсырмалар:

1. ... - бұл өсімдік текті, жануар текті немесе минералды шикізаттардан, сондай-ақ, өте сирек жағдайда химиялық немесе микробиологиялық синтез жолымен алынатын табиғи немесе табиғига ұқсас биологиялық белсенді заттар.

A) Биологиялық белсенді заттар

B) Биологиялық заттар

C) Көмекші заттар

D) Дәрілік заттар

E) Беттік активті заттар

2. ... - құрамында микрофлораның биологиялық белсенділігіне және құрамына реттеуші әсер көрсететін тірі микроорганизмдер немесе олардың метаболиттері бар тағамдық биологиялық белсенді қоспалар.

A) Эубиотиктер

B) Экобиотиктер

C) Эндобиотиктер

D) Нутрицевтиктер

E) Парафармацевтикттер

3. ... - бұл көмекші терапияға, аурудың алдын-алуға бағытталған және мүшелер мен жүйелердің физиологиялық қызметінің белсенділігіне демеу болатын, белгілі әсерге ие ББҚ-дың кең таралған тобы.

A) Парафармацевтикттер

B) Эубиотиктер

C) Экобиотиктер

OÝTIÝSTIK-QAZAQSTAN  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технология лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/- (2022-2023) 40 беттің 25 беті
--	---

D) Эндобиотиктер

E) Нутрицевтикттер

4. Тағамдық биологиялық белсенді қоспалар шартты түрде ... деп бөлінеді.

A) нутрицевтикттер, парафармацевтикттер және эубиотиктер

B) нутрицевтикттер, парафармацевтикттер және экобиотиктер

C) нутрицевтикттер, парафармацевтикттер және эндобиотиктер

D) нутрицевтикттер, эндобиотиктер және эубиотиктер

E) эндобиотиктер, парафармацевтикттер және эубиотиктер

5. ... тағамның химиялық құрамын: ақуыз, аминқышқылы, майлар, көмірсулар, дәрумендер, минералды заттар, тағам талшықтары, яғни, организмнің негізгі компоненттері болып табылатын заттарды түзету үшін қолданылатын биологиялық белсенді заттар.

A) Нутрицевтикттер

B) Парафармацевтикттер

C) Эубиотиктер

D) Экобиотиктер

E) Эндобиотиктер

ОНДІСТИК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/- (2022-2023) 40 беттің 26 беті
---	---

- Тақырыбы:** ББҚ профилактикалық және емдік сусындары. Сөлдер. Шәйлар. Бальзамдар.
- Мақсаты:** Сөлдер. Шәйлар. Бальзамдар. ББҚ профилактикалық және емдік сусындарды дайындау тәсілдері бойынша негізгі білімді және тәжірибелік дағдыны қалыптастыру.

3. Оқыту мақсаттары

білім алушы білуі тиіс:

- сөлдердің анықтамасын, жіктелуін және олардың түрлерін
- сөлдердің жеке технологиясын
- жаңа өсімдік шикізатынан сөлдерді алу тәсілдерін
- жаңа өсімдік препараттының ерекшеліктерін

білім алушы істей білуі тиіс:

- сөлдерді алудың қазіргі заманғы әдістерін, оларды балласты заттардан тазарту тәсілдерін және стандарттауын пайдалануды
- материалдық баланс құрастыру және дайын өнімді безендіруді
- сөлдерді дайындауда техника қауіпсіздігін қатаң сақтауды

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. Қазіргі заманғы ББҚ профилактикалық және емдік сусындардың негізгі түрлері. Сөлдер. Шәйлар. Бальзамдар.
2. Емдік-профилактикалық сусындардың, шырындардың, шайлардың, бальзамдардың анықтамасы және жалпы сипаттамасы.
3. Емдік-профилактикалық сусындардың, шырындардың, шайлардың, бальзамдардың номенклатуrasesы және қолданылуы.
4. Бальзамның, шырынның, шәйлардың негізгі компоненттері және олардың қасиеттері.
5. Сөлдерді, шәйларды, бальзамдарды алудың ерекшеліктері.
6. Сөлдер, шәйлар, емдік сусындар өндірісінің жалпы технологиялық схемасы.
7. Жолжелкен, каланхө және ақ капуста сөлін дайындау технологиясы.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма №1. Алоэ, жолжелкен және ақ капуста сөлін дайындау процесіне лабораториялық регламент жазып, технологиялық және аппаратуралық схемасын сыйзу. (В.И. Чуешов. Промышленная технология лекарств).

Тапсырма №2. Жазылған регламент бойынша жаңа өсімдік шикізатынан сөлді алу. Алынған сөлді тұндыру және фильтрлеу, қажет болған жағдайда центрифугалау арқылы тазарту жүргізу. Сөлді стандарттау. Материалдық баланс құрастырып, технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Бағалау әдістері/технологиялары: Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Қазіргі заманғы профилактикалық және емдік сусындардың негізгі түрлерін атандыз.
2. Жаңа өсімдік шикізатын экстракциялау ерекшелігін түсіндіріңіз.

OÝTIÝSTIK-QAZAQSTAN  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технология лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/- (2022-2023) 40 беттің 27 беті
--	---

3. Жаңа өсімдік шикізатын қалай майдалайды және осы мақсатта қандай машиналар қолданылады?
4. Сөлдер, шайлар, бальзамдар, емдік және профилактикалық сусындар өндірісінің технологиялық схемасы.
5. Жас өсімдік шикізатынан алынатын сөлдерді атаңыз.
6. Өсімдіктерден сөлдер қандай әдіс бойынша алынады, оларды қалай тазартады және тұрактандырады?
7. Жолжелкен және алоэ сөлдерінің технологиясының ерекшелігі неде? Бұл сөлдерден қандай дәрілік түрлер алынады?
8. Ақ капустадан (капуста белокачанная) көкөніс шырынының технологиялық ерекшеліктері?
9. Жеміс шырындарының дайындау технологиясы (алма, апельсин, лимон, алмұрт, грейпфрут).

Тестік тапсырмалар:

1. ... - бұл созылмалы ауруларды емдеу мақсатында тағамдық биологиялық белсенді компоненттерді қолдануды оқытатын ғылым.
 А) Фармаконутрициология
 В) Фармакология
 С) Диетология
 Д) Микронутрициология
 Е) Валеология
2. Шөп шайлар ... болып бөлінеді.
 А) фито шайлар және шай қоспалары
 В) фито шайлар және жинақтар
 С) жинақтар және шай қоспалары
 Д) тұнбалар және шай қоспалары
 Е) қайнатпалар және фито шайлар
3. Шай қоспалары – бұл
 А) екі немесе одан да көп компоненттерден тұратын шөп шайлар
 В) белгілі бір өсімдіктің гүлдерінен (жапырақтарынан, жемістерінен) алынған шайлар
 С) бір өсімдіктің барлық бөліктерінен тұратын шайлар
 Д) өсімдік шикізаттарынан және дәрілік заттардан тұратын шайлар
 Е) бір ғана компоненттен тұратын шөп шайлар
4. Құрамында С дәрумені бар дәрілік өсімдіктер:
 А) итмұрын, бөріқарақат, шетен
 В) бөріқарақат, шетен, жұпарғұл
 С) шетен, итмұрын, түймедақ
 Д) бөріқарақат, итмұрын, жалбыз
 Е) итмұрын, жалбыз, аир
5. «Барлық өсімдік құрамында у болады және усыз ештеңе жоқ, удың у болуы немесе болмауы тек дозасына тәуелді» - деген қағида ... тиесілі.
 А) Парацельске
 В) Галенге
 С) Гиппократқа
 Д) Авиценнаға
 Е) Дидалъға

ОНДІСТИК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технологий лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/- (2022-2023) 40 беттің 28 беті
---	---

1. Тақырыбы: Ветеринарлық дәрілік түрлерді дайындау.

2. Мақсаты: Ветеринарлық дәрілік түрлердің дайындау технологиясын үйрету.

3. Оқыту мақсаты:

білім алушы білуі тиіс:

- ветеринарлық дәрілік түрлерді дайындау ережелерін
- сүйкің дәрілік түрлерді дайындаудың негізгі сатыларын
- жұмсақ дәрілік түрлерді дайындаудың негізгі сатыларын
- қатты дәрілік түрлерді дайындаудың негізгі сатыларын
- стерильді дәрілік түрлерді дайындаудың негізгі сатыларын

білім алушы істей білуі тиіс:

- ветеринариялық дәрілік түрлерді дайындау
- ветеринарлық дәрілік түрлерге көмекші заттарды дұрыс таңдау және қолемін есептеу
- дайын дәрілік түрдің сапасын бағалау

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. Ветеринария. Ветеринарияның тапсырмалары.
2. Ветеринарияда қолданылатын дәрілік түрлердің ерекшеліктері.
3. Ветеринарияда корригенттердің қолданылуы.
4. Спецификалық ветеринариялық заттарды дайындау технологиясы.
5. Ветеринариядағы стерильді дәрілік түрлер.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Берілген рецептер бойынша есептеулер жүргізу, бақылау паспортын құрастыру, ингредиенттердің физика-химиялық қасиеттерін зерттеу, дәрілік түрдің технологиясын және теориялық дәйектемесін сипаттап жазу:

Жазылым құрамдары:

1. Стрептоцидтен 3,0
Мия тамырының ұнтағынан және
Тазартылған судан болюс (5 доза) түзілгенше жеткілікті мөлшерде ал.
2. Левомицетинтен 2,5
Қара бидай ұннынан және
Тазартылған судан араластырып пилюля (10 доза) түзілгенше ал.
3. Сабура ұнтағынан 30,0
Магния сульфаттан 300,0
Зығыр дәні ұнтағынан және
Тазартылған судан ботқа түзілгенше ал.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Бағалау әдістері/технологиялары: Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

OÝTIÝSTIK-QAZAQSTAN  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технология лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/- (2022-2023) 40 беттің 29 беті
--	---

1. Ветеринарлық дәрілік түрлерді дайындау технологиясының ерекшеліктерін көрсетіңіз.
2. Күшті әсер ететін және улы заттар дозасын есептеу жануарлардың қандай параметрлеріне тәуелді?
3. Ветеринарлық тәжірибеде қандай корригенттер қолданылады?
4. Ветеринарлық дәрілік түрлерді жазу ерекшелігі негізделген?
5. Ветеринарлық тәжірибеде қандай дәрілік түрлер қолданылады?
6. Ветеринарияда қолданылатын суспензиялар медициналық микстур-суспензиядан айырмашылығы неде?
7. Ветеринариялық тәжірибеде қандай дән эмульсиялары қолданылады?
8. Ботқа. Жіктелуі. Дайындау технологиясы, сақталуы. Қолданылатын консерванттар.
9. Мыльцалар және шариктер.
10. Пилюлялар және болюстар.
11. Гранулалар және гранулылар.

Тестік тапсырмалар:

1. Болюстарды ... салмақта дайындаиды.
 - A) 0,5-нан 50,0-ға дейін
 - B) 0,1-нан 50,0-ға дейін
 - C) 1,5-нан 10,0-ға дейін
 - D) 5,0-нан 100,0-ға дейін
 - E) 5,0-нан 110,0-ға дейін
2. Дәрілік түрдің ... түзетуші заттарды корригенттер деп атайды.
 - A) дәмін, тұсін, іісін
 - B) консистенциясын, дәмін
 - C) салмағын, көлемін
 - D) терапиялық әсерін
 - E) ерігіштігін, көлемін
3. Корrigirлеуші заттар дәрілік түр кұрамына НҚ талаптарына сай енгізіледі:
 - A) соңғы кезекте
 - B) бірінші кезекте
 - C) физика-химиялық қасиеттерін ескеріп
 - D) дәрілік заттарды еріткеннен кейін
 - E) қолданар алдында
4. Суппозиториялар – ... арналған дәрілік түр.
 - A) сыртқа қолдануға
 - B) ішке қолдануға
 - C) вена ішілік
 - D) бұлшық етке
 - E) көзге
5. Тек қана ветеринариялық тәжірибеде қолданылатын дәрілік түрлерге ... жатады.
 - A) ботқалар, болюстар, гранулалар
 - B) тұнбалар, жағар майлар, суппозиторийлер
 - C) қайнатпалар, линименттер, жағар майлар
 - D) жағар майлар, ұнтақтар, жинақтар
 - E) ботқалар, ұнтақтар, таблеткалар

ОНДІСТИК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/- (2022-2023) 40 беттің 30 беті
---	---

11-САБАҚ

1. Тақырыбы: Босату механизмі өзгерген дәрілік түрлерді дайындау.

2. Мақсаты: дәрілік заттарды жеткізуудің жаңа жүйелерін зерттеу.

3. Оқыту мақсаты:

білім алушы білуі керек:

- дәрілік заттарды жеткізуудің жаңа жүйелері
- дәрілік заттардың босап шығуы модификацияланған дәрілік түрлер

білім алушы істей білуі керек:

- микрокапсула алудың заманауи әдістерін қолдану

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Дәрілік заттарды жеткізуудің жаңа жүйелері. Дәрілік заттарды жеткізуудің жаңа жүйелері мен құралдарын жасаудағы міндеттер.
2. Дәрілік заттардың босап шығуын және жеткізілуін модификациялау әдістері. Дәрілік заттардың босап шығуы модификацияланған дәрілік түрлердің жіктелуі.
3. Дәрілік заттарды жеткізуудің трансдермальді терапевтік жүйелері (ТТЖ). Артықшылықтары мен кемшиліктері. ТТЖ негізгі компоненттері.
4. Босап шығуы модификацияланған пероральді дәрілік түрлер. Пероральді жүйелерді қолданудың алғышарттары. Жіктелуі.
5. Дәрілік заттардың босап шығуы бақыланатын және максатты түрде босататын дәрілік түрлер.
6. Микрокапсулалау дәрілік заттардың босап шығуын реттейтін қарапайым технологиялық әдісі ретінде. Микрокапсулалаудың мақсаты мен әдістері.
7. Дәрілік заттарды жеткізуудің парентеральды имплантацияланатын жүйелерінің сипаттамасы.
8. Дәрілік заттарды жеткізуудің ингаляциялық жүйелері. Мөлшерленген аэрозольді және ұнтақты ингаляторлар.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма №1. Микрокапсулаларды алу әдістерімен танысу және конспектілеу (Сливкин А.И. Фармацевтическая технология. Высокомолекулярные соединения в фармации и медицине, стр. 434-437).

Тапсырма №2. Зертханалық регламентті құрастыру және ацетилсалицил қышқылын этилцеллюзага микрокапсулалаудың технологиялық және аппаратуралық схемасын салу ((Сливкин А.И. Фармацевтическая технология. Высокомолекулярные соединения в фармации и медицине, стр. 444 бет).

5. Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Багалау әдістері/технологиялары: Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

OÝTIÝSTIK-QAZAOSTAN  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технология лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2022-2023) 40 беттің 31 беті
--	--

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Дәрілік заттарды жеткізудің жаңа жүйелерін атаңыз. Дәрілік заттарды жеткізудің жаңа жүйелері мен құралдарын жасаудағы міндеттер.
2. Дәрілік заттардың босап шығуын және жеткізілуін модификациялау әдістерін сипаттаңыз. Дәрілік заттардың босап шығуы модификацияланған дәрілік түрлер қалай жіктеледі?
3. Дәрілік заттарды жеткізудің трансдермальді терапевтік жүйелеріне анықтама беріңіз (ТТЖ). Артықшылықтары мен кемшіліктері. ТТЖ негізгі компоненттері.
4. Дәрілік заттардың босап шығуы бақыланатын және мақсатты түрде босататын дәрілік түрлердің бір бірінен ерекшеліктері.
5. Микрокапсулалау дәрілік заттардың босап шығуын реттейтін қарапайым технологиялық әдісі ретінде. Микрокапсулалаудың мақсаты мен әдістері.
6. Дәрілік заттарды жеткізудің парентеральды имплантацияланатын және ингаляциялық жүйелеріне анықтама беріңіз.

ОНДІСТИК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/- (2022-2023) 40 беттің 32 беті
---	---

12-САБАҚ

- 1. Тақырыбы:** Жылдам еритін және жылдам ыдырайтын пероральді дәрілік түрлер.
- 2. Мақсаты:** жылдам еритін және жылдам ыдырайтын пероральді дәрілік түрлерді зерттеу.

3. Оқыту мақсаты:

білім алушы білуі керек:

- заманауи тез еритін пероральді дәрілік түрлер
- сублингвальді және буккальді қолдануға арналған дәрілік түрлер

білім алушы істей білуі керек:

- ұртқа енгізілетін дәрілік түрлердің құрылышын анықтау

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Жылдам еритін және жылдам ыдырайтын пероральді дәрілік түрлер. Сипаттамасы және қасиеттері. Артықшылықтары мен кемшіліктері.
2. Дәрілік құралдарды мукозалы енгізу жолының ерекшеліктері. Артықшылықтары мен кемшіліктері.
3. Сублингвальды және буккальды қолдануға арналған дәрілік түрлер. Сипаттамасы.
4. Ұртқа енгізілетін дәрілік түрлердің құрылымы. Олардың матрицалық және резервуарлық түрлері.
5. Ауыз қуысының ұртына енгізуге арналған платырлер. Оның құрылымының ерекшеліктері.
6. Сублингвальды және буккальды қолдануға арналған дәрілік түрлерді алу үшін қолданылатын полимерлер.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма №1. Дәрілік заттарды бір жақты және екі жақты босататын ұртқа енгізілетін платырлер құрылымын зерттеу және сипаттау (Сливкин А.И. Фармацевтическая технология. Высокомолекулярные соединения в фармации и медицине, стр. 461).

5. Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Бағалау әдістері/технологиялары: Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Жылдам еритін және жылдам ыдырайтын пероральді дәрілік түрлерді атаңыз. Артықшылықтары мен кемшіліктері.
2. Дәрілік құралдарды мукозалы енгізу жолының ерекшеліктері. Артықшылықтары мен кемшіліктері.
3. Сублингвальды және буккальды қолдануға арналған дәрілік түрлерге сипаттама беріңіз.
4. Ұртқа енгізілетін дәрілік түрлердің құрылымын сипаттаңыз. Олардың матрицалық және резервуарлық түрлері.
5. Ауыз қуысының ұртына енгізуге арналған платырлер.

ОҢДІРІСТІК-ОАЗАОСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технология лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/- (2022-2023) 40 беттің 33 беті
---	---

6. Сублингвальды және буккальды қолдануға арналған дәрілік түрлерді алу үшін қолданылатын полимерлерді атаңыз.

13-САБАҚ

1. Тақырыбы: Фармацевтикалық өндірісте GMP енгізу.

2. Мақсаты: өндірістің қазіргі заманғы талаптарын және дәрілердің сапасын бақылауды үйрету.

3. Оқыту мақсаты:

білім алушы білуі тиіс:

- дәрілік заттардың сапасын қамтамасыз етудің қазіргі заманғы тұжырымдамасының негізгі бағыттарын
- дәрілік заттардың өндірісіндегі негізгі GMP принциптері
- Еуроодақ (EO) GMP бөлімдері

білім алушы істей білуі тиіс:

- дәрілік заттардың сапасын бақылауды және өндірісті ұйымдастыру қағидасының негізгі ережелерін қолдану
- GMP талаптарына сәйкес келетін жағдайлар жасау

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. GMP тарихының дамуы.
2. GMP негізгі ережелері және талаптары.
3. Дәрілік заттардың өндірісіне қойылатын стандартты талаптар.
4. GMP (Good Manufacturing Practice) ережелері.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма №1. Әр білім алушы дәрілік препараттардың өндірісіндегі белгілі бір сатысына стандартты операциялық процедураны (СОП) дайындау және конспектілеу.

Тапсырма №2. Хош иісті сулардың, ұнтақтардың, тұндырмалардың сакталуына стандартты операциялық процедураны (СОП) дайындау.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Бағалау әдістері/технологиялары: Тестілеу, ауызша сұрай, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. КР фармация өнеркәсібіне GMP енгізу.
2. GMP негізгі элементтері?
3. GMP ұсынған стандарттар қандай?
4. Қандай негізгі терминдер қолданылады?
5. Дәрілік заттардың тиісті өндірістік тәжірибесінің негізгі принциптерін атаңыз?

Тестік тапсырмалар:

ОНДІРІСТІК-ОАЗАҚСТАН <i>«ОАЗАС»</i> SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технологий лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/- (2022-2023) 40 беттің 34 беті
--	---

1. GMP стандарттары ... арналған.

- A) дәрілік құралдарды дайындайтын кәсіпорында сапа жүйесін құруға
- B) дәрілік құралдарды сатуға арналған жүйені құруға
- C) жаңа дәрілік құралдарды жасауға арналған сапа жүйесін құруға
- D) дәрілік құралдарды зерттеуге арналған сапа жүйесін құруға
- E) дәрілік құралдарды сапасын бақылауға арналған сапа жүйесін құруға

2. GMP ережелері тұнғыш рет ... дайындалды.

- A) 1963 ж, АҚШ
- B) 1968 ж, Англияда
- C) 1968 ж, Ресейде
- D) 1968 ж, Қытайда
- E) 1993 ж, Францияда

3. GMP бойынша өндірістік үй-жайларды жіктеу принциптері.

- A) механикалық бөлшектер және микроағзалармен ауаның ластану дәрежесі бойынша
 - B) қосалқы аймақтан қашықтық дәрежесі бойынша
 - C) жарықтандыру дәрежесі бойынша
 - D) бір-бірімен үйлесімділік дәрежесі бойынша
 - E) талаптар жоқ
4. GMP ережелері ... регламенттемейді.
- A) препараттың биологиялық сіңімділігіне қойылатын талаптарын
 - B) фармөндірістің ғимаратына және бөлмелерге қойылатын талаптарын
 - C) персоналға қойылатын талаптарын
 - D) валидацияның қажеттілігін
 - E) фармацевтикалық терминологиясын

OÝTIÝSTIK-QAZAQSTAN  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технология лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2022-2023) 40 беттің 35 беті
---	--

14-САБАҚ

- 1. Тақырыбы:** Фармацевтикалық өндірістегі процестердің валидациясын жүргізу.
- 2. Мақсаты:** фармацевтикалық өндірістегі процестердің валидациясын жүргізуді үйрету.

3. Оқыту мақсаты:

білім алушы білуі тиіс:

- фармацевтикалық өндірістегі процестердің валидациясын жүргізу ережелерінің негізгі қағидаларын
- дәрілік құралдар өндірісіндегі негізгі GMP принциптері

білім алушы істей білуі тиіс:

- фармацевтикалық өндірістегі процестердің валидациясын жүргізу ережелерінің негізгі қағидаларын қолдану
- GPP талаптарына сәйкес жағдай жасау

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Валидация. Анықтамасы. Валидацияның негізгі міндеттері. Валидация саясаты.
2. Технологиялық процесті валидациялау.
3. Валидация түрлері. Валидация қажеттілігі.
4. Валидация кезеңдері.
5. Тіркеу дерекнамасындағы процесті валидациялау схемасы.
6. Валидация хаттамасына сәйкес валидация жүргізу туралы жазбаша есеп жасау.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма №1. «Медициналық қолдануға арналған дәрілік препараттарды өндіру процесін валидациялау туралы нұсқаулықпен» танысу және оны конспектілеу.

Тапсырма №2. Таза бөлмелердің квалификациялық қызметі бойынша валидациялық жұмысты жасау процесінің схемасын құрастыру.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Бағалау әдістері/технологиялары: Тестілеу, ауызша сұрай, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Әдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Валидация. Анықтамасы. Валидацияның негізгі міндеттері. Валидация саясаты.
2. Технологиялық процесті валидациялау.
3. Валидация түрлері. Валидация қажеттілігі.
4. Валидация кезеңдері.
5. Тіркеу дерекнамасындағы процесті валидациялау схемасы.
6. Валидация хаттамасына сәйкес валидация жүргізу туралы жазбаша есеп жасау.

ОНДІРІСТІК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технологий лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/- (2022-2023) 40 беттің 36 беті
---	---

Тестік тапсырмалар:

1. Валидация (validation) – ... құжаттық ресімдеу.
 - A) алдын ала белгіленген критерийлерге сәйкес келетін жоғары дәреже беретін іс-әрекеттерді
 - B) атқарылған жұмыс туралы есепті
 - C) зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмыс жоспарын
 - D) сақтау мерзімін анықтау
 - E) сақтау шарттарын белгілеу
2. Валидация – бұл GMP-ге жататын ұғым және ... білдіреді.
 - A) бүкіл өндірісті бақылауды және бағалауды
 - B) ОТК жұмысын бақылауды
 - C) стерильділікті
 - D) дайын дәрілік құралдардың сапасын анықтауды
 - E) персоналдың қызметін бақлауды
3. Құрал-жабдықтардың, өндіру жағдайының, технологиялық процестің, жартылай өнімнің және дайын өнімнің әрекеттегі регламенттерге және/немесе нормативті құжаттардың талаптарына сәйкестігін құжаттпен растау.
 - A) валидациялау
 - B) ұйымдастыру
 - C) нормалау
 - D) жабдықтау
 - E) рационализациялау
4. Өндірістің валидациялы іс-шараларын анықтайтын ұйым.
 - A) дәрілік құралдарды өндіруші фармацевтикалық компаниялар
 - B) денсаулық сақтау министрлігі
 - C) фармакопеялық комитет
 - D) фармакологиялық комитет
 - E) салық комитеті
5. Фармацевтикалық өндірісте валидациялық жұмыстарды жүргізу үшін Валидациялық – шеберлік жоспар құрастырылады, ал ол келесідей бөлімдерден тұрады
 - A) кіріспе, валидациялық жұмыстарды ұйымдастыру, өндірістің үрдістің сипаттамасы, арнайы үрдістер бойынша мәліметтер, валидациялар, құжаттар, жоспар-кесте, өлшеуді бақылау
 - B) журналдар жинағы
 - C) құралдар жинағы
 - D) персоналдарды оқыту
 - E) валидациялық мекемелерге жетекшілер дайындау
6. Валидацияның негізгі мақсаты –
 - A) GMP талаптарын орындау
 - B) құжат түрін анықтау
 - C) фармакопеялық мақалаларды түзету
 - D) өндіріс үрдістерінің уақытын қысқарту
 - E) негізгі мақсаты жок

OÝTIÝSTIK-QAZAQSTAN  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2022-2023) 40 беттің 37 беті
---	--

15-САБАҚ

1. Тақырыбы: Қазақстан Республикасында GPP халықаралық стандарттарын енгізу.

2. Максаты: өндірістің қазіргі заманғы талаптарын және дәрілердің сапасын бақылауды үйрету.

3. Оқыту мақсаты:

білім алушы білуі тиіс:

- дәрілік заттардың сапасын қамтамасыз етудің қазіргі заманғы тұжырымдамасының негізгі бағыттарын
- Еуроодәқ (EO) GPP бөлімдері
- GPP негізгі элементтері
- GPP ұсынған стандарттар
- негізгі терминдер

білім алушы істей білуі тиіс:

- дәрілік заттардың сапасын бақылауды және өндірісті ұйымдастыру қағидасының негізгі ережелерін пайдалану
- GPP талаптарына сай жағдай жасау

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. GPP негізгі элементтері;
2. GPP ұсынған стандарттар;
3. Негізгі терминдер.
4. GPP бойынша персоналға қандай талаптар қойылады?
5. GPP бойынша бөлмелерге және құрал жабдықтарға қандай талаптар қойылады?
6. GPP бойынша қайтару және сақтауға қандай талаптар қойылады?

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Тапсырма №1. Эр білім алушы дәрілік препараттардың өндірісіндегі белгілі бір сатысына стандартты операциялық процедураны (СОП) дайындау және конспектілеу.

Тапсырма №2. Бөлменің тазалығына және жууға стандартты операциялық процедура (СОП) құрастыру.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері/технологиялары: кіші топтарда жұмыс істеу.

6. Бағалау әдістері/технологиялары: Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау.

7. Эдебиет: 1-қосымшада берілген.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. GPP ережелерінің пайда болуына не себеп болды?
2. Дәрілік заттардың экспортерлерінен қойылатын талаптар?
3. GPP ережелерімен қандай кәсіпорындар басқарылады?
4. GPP ережелерінің негізгі бөлімдерін атаңыз?
5. GPP бойынша бөлмелерге және құрал жабдықтарға қандай талаптар қойылады?
6. GPP бойынша тазалық класстары?
7. Негізгі терминдер.

ОНДІСТИК-ОАЗАҚСТАН  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2022-2023) 40 беттің 38 беті
---	--

8. GPP бойынша персоналға қандай талаптар қойылады?
9. GPP бойынша қайтару және сақтауға қандай талаптар қойылады?

1-қосымша

Әдебиеттер:

<p>Электрондық ресурстар, соның ішінде, бірақ оны меншектелмейді: мәліметтер базасы, анимациялық симуляторлар, кәсіби блогтар, веб-сайттар, басқа электронды анықтамалық материалдар (мысалы: видео, аудио, дайджест)</p>	<p>Электрондық ресурс:</p> <ol style="list-style-type: none"> Пәннің ОӘК білім беру порталында орналасқан. Сағындықова Б.А., Анараева Р.М. Дәрілердің дәріханалық технологиясы [Электронный ресурс]: оқулық / Сағындықова Б.А., Анараева Р.М. – Электрон.текстовые дан. (6,01 МБ). – Шымкент: ОҚМА. – 2018. – 513 б. эл. опт. диск (CD-ROM). Фармацевтическая технология. Технология лекарственных форм [Электронный ресурс]: учебник / под ред. И. И. Краснюка. – Электрон. текстовые дан. (47,6 МБ). - М.: Издательская группа "ГЭОТАР- Медиа", 2011. - 656 с. эл. опт. диск (CD-ROM). Байзолданов Т. Косметикалық препараттар және оларды дайындауда қолданылатын белсенді және көмекші заттар: Алматы: «Эверо» баспасы. 2020. – 212 б https://elib.kz/ru/search/read_book/57/ Байзолданов Т. Гомеопатиялық дәрілік қалыптар: оку құралы / Т. Байзолданов. – Алматы: Эверо, 2020. – 184 бет. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/54/ Фармацевтическая технология. Технология лекарственных форм: Учебник. / И.И. Краснюк, Г.В. Михайлова, Т.В. Денисова, В.И. Склренко. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015. - 656 с. - ISBN 978-5-9704-3527-4. http://rmebrk.kz/book/1173734 Фармацевтическая технология. Высокомолекулярные соединения в фармации и медицине: Учебное пособие. / А.И. Сливкин, И.И. Краснюк, А.С. Беленова, Н.А. Дьякова; Под ред. И.И. Краснюка. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2017. - 560 с. - ISBN 978-5-9704-3834-3. http://rmebrk.kz/book/1173735 <p>Интернет ресурс:</p> <ol style="list-style-type: none"> Меньшутина Н.В., Мишина Ю.В., Алвес С.В., Гордиенко М.Г., Гусева Е.В., Троянкин А.Ю. Инновационные технологии и оборудование фармацевтического производства. -Т.2. – М.: Издательство БИНОМ, 2013. - 480 с., ил. https://vk.com/doc229684649_441671126?hash=e0fZH4p1iGlzEbAphSpmyzzcXUQDLf9I8O5jTuEcjMo Приказ и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от 4 февраля 2021 года № ҚР ДСМ-15 «Об утверждении надлежащих фармацевтических практик» https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022167#z14 Фармакопея Евразийского экономического союза ЕАЭС https://adilet.zan.kz/rus/docs/H20EK000100
Электрондық оқулықтар	Сағындықова Б.А., Анараева Р.М. Дәрілердің дәріханалық технологиясы [Электронный ресурс]: оқулық / Сағындықова Б.А., Анараева Р.М. – Шымкент: ОҚМА. – 2018. – 513 б. https://e-lib.skma.edu.kz/genres/genre-2/category-8/117
Зертханалық физикалық ресурстар	
Арнайы бағдарламалар	
Журналдар (электронды)	Мерзімді басылымдардағы шолулар, дәрістер 1. Научный информационно-аналитический журнал «Фармация

OÝTIÝSTIK-QAZAQSTAN  SOUTH KAZAKHSTAN Кафедра технологии лекарств «Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	044-43/ - (2022-2023) 40 беттің 39 беті
---	--

журналдар)	<p>Казахстана» http://pharmkaz.kz/glavnaya/ob-izdanii/</p> <ol style="list-style-type: none"> 2. Научно-практический рецензируемый журнал «Фармация и фармакология» https://www.pharmpharm.ru/jour/index 3. Научно-практический журнал «Фармация» https://pharmaciyajournal.ru/ 4. Ежемесячный научно-технический и производственный журнал «Химико-фармацевтический журнал» http://chem.folium.ru/index.php/chem/about
Әдебиет	<p>Қазақ тілінде:</p> <p>негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Байзолданов Т. Гомеопатиялық дәрілік қалыптар: оку күралы. – Алматы: Эверо, 2020. – 184 бет 2. Тиісті фармацевтикалық практикаларды ұйымдастыру және басқару негіздері: оқулық / К.Д. Шертаева , О.В. Блинова. – Жасулан 2022 <p>қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы.– Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2015. – Т.1. – 720 бет. 2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы. Т. 2. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2009. – 792 бет. 3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы. Т. 3. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2014. – 864 бет. <p>Орыс тілінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т.1: учебник: в 2-х томах / под ред. И.И. Краснюка [и др.]. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2020. - 352 с. 2. Фармацевтическая технология. Промышленное производство лекарственных средств. Т.2: учебник: в 2-х томах / под ред. И.И. Краснюка [и др.]. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2022. - 448 с. 3. Краснюк И.И. Фармацевтическая технология. Технология лекарственных форм: учебник / под ред. И. И. Краснюка – М.: ГЭОТАР – Медиа, 2015. – 656 с. 4. Тихонова С.А., Жетерова С.К., Затыбекова А.К. Методические рекомендации к практическим занятиям по технологии гомеопатических препаратов: методические рек. для студ. фарм. вузов и фак. - Алматы: Эверо, 2016. - 140 с. 5. Краснюк И.И. Фармацевтическая технология. Высокомолекулярные соединения в фармации и медицине: учебное пособие / под ред. И. И. Краснюка. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 560 с.

ОНДІСТИК-ОАЗАОСТАН <i>0462</i> SOUTH KAZAKHSTAN	
Кафедра технологии лекарств	044-43/ - (2022-2023)
«Инновациялық фармацевтикалық технология» пәнінен зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар	40 беттің 40 беті